


«Бекітемін»
«Армантай» бақшаеының
меңгерушісі
Л.Р.Усебова



Ұлттық ойындар



Тәрбиеші :Юнусметова Ш.

Ермедетова А.

Орымбаева Т.

Шымкент 2022 жыл

Сабақтың тақырыбы: Қазақтың ұлттық ойындары

Мақсаты : Қазақтың ұлттық ойындары асық ойнау, қол күрес, тақия тастамақ ойындары арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі, әдет – ғұрпын, туган елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Міндеттері:

1. Балаларды қазақтың ұлттық ойындары мен таныстыра отырып ойын шартын дұрыс бұзбай ойнауға үйрету.
2. Ойынды ойнау барысында балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыту.
3. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнай білуге тәрбиелеу.

Сабақ түрі: аралас ойын

Сабақтың әдісі: Әңгіме ойын түрінде

Көрнекілік: асық, қазақ ұлттық киімдері (шапан, желетке, тақия)

Сәлеметсіздер ме, балалар!

1. Шаттық шеңбері

Дөңгелене тұрайық,
Киіз үйді құрайық,
Кереге болып керіліп,
Уыктар боп иіліп,
Киіз үйді құрайық,
Жарайсыңдар!

- Балалар біз қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстан

- Қазақстан көп ұлтты Мемлекет. Бірлігіміз жарасып тату тәтті өмір сүріп жатырмыз.

- Қазақстан Республикасында қандай ұлттар тұрады ?

- Орыс , неміс, өзбек, корей, армян, қазақ т.б.

- Балалар қазақтың қандай ұлттық киімдерін білесіңдер?

- Тақия, шапан, желетке, мәсі, камзол , сәукеле т.б.

- Ал балалар өздерін қай ұлттың киімдерін киіп отырсыңдар?

- Әрине дұрыс айтасыңдар Қазақтың ұлттық киімдерін

- Әр бала киіп отырған киімін айтып кетеді

Әдемі киініп келген екенсіңдер!

Қазір балалар қазақтың ұлттық ойындарын ойнаймыз.

Қазақтың ұлттық ойындары бірнеше түрге бөлінеді. Олар: Аңға байланысты, малға байланысты, заттармен ойналатын ойындар.

Ойын бастамас бұрын бойымызды жазып алайық.

3. Сергіту сәті

Би «Қара жорға»

Қазақша «Адай» күйін қойып қою»

4. Қазақтың ұлттық ойыны

1. Тақия тастамақ

Ойын шарты былай балалар. Балалар дөңгелеп отырады. Бір бала жүргізуші болып тақия тастау керек, екінші бала біліп алып ойынды жалғастырады.

Жеңілген бала тақпақ айтады

Көктем туралы

Көктем келді шуақты,

Балаларды қуантты.

Алақай – ау, алақай!

Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты.

2. Телпек алу

Ортада бір бала таяқпен тұрады. Ал таяқтың ұшында телпек асылған болады. Екі қыз атпен шауып келеді де, шапшаң біреуі телпектің қолындағы таяғымен алады және сол телпек алған қыз жеңіске жетеді.

3. Арқан тартыс

Ойынды бастау үшін ортаға екі ойыншы шығып (көп адам қатысса да болады), еденде сызылған сызықтың екі жағынан орналасып тұрады. Арқанның екі жағынан ұстап, тарту қажет. Ереже бойынша, қайсы ойыншы сызықтан өтіп кетсе, жеңіледі. Ал күші басым болып, тартып алғаны жеңіске жетеді.

4. Қол күрес

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасумен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді.

5. Арынды арқан

Бір бала ортада ұзын арқанды ұстап тұрады, ал қалғандары дөңгелек болып, жанына турады. Ойын басталғанда ортадағы бала арқанды балалардың аяғының астынан айналдырады. Ал балалар секіреді. Кімнің аяғына тисе, сол жеңіледі. Соңында қалған бір адам жеңеді.

6. Қыз қу

Шарты: Атпен қызды қуып жету. Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды атпен қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені.

7. Бекіту

Балалар сендерге қазақтың ұлттық ойындары ұнады ма?

Иә

- Жарайсыңдар!!!

Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын ойнадық?

Тақия тастамақ, Қол күрес, , Шеңберде асық атып ойнау Қыз құ, Тақия тастамақ, Аркан тартыс

- Жарайсыңдар!

- Ойын ойнаған ұнай ма?

- Иә, ұнайды

6. Қоштасу шеңбері.

Сіздің топта ұлдар

Тату тәтті ойнаймыз

Баршаңызға, бәріне

Тек қуаныш сыйлаймыз.

Сау болыңыздар!



